

№ 4 Лекция тақырыбы: Ұлы Дала Алтын Орда кезеңінде (XIII-XV ғғ.)

Лекцияның оқыту нәтижелері:

1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
2. Сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру

Лекция мазмұны.

1. Монғол империясының құрылуы.
2. Алтын Орданың Еуразия империясы ретінде құрылуы: территория, этникалық процестер, мәдени симбиоз.
3. Ортағасырлық мемлекеттер XIV-XV ғғ.

1. Монғол империясының құрылуы.

XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басындағы Орта Азия мен Қазақстан далаларында билік үшін тайпалар арасындағы күрес асқынып кетті. Күрес барысында монғол билеушілері Темучиннің мейрейі үстем болып ол Орта Азия тайпаларының басын қосқан құдыретті билеушіге айналды.

Ол белгілі монғол билеушісі ноян Есугэй (Есікей) бахадур отбасында кейбір мәліметтер бойынша 1162, екінші дерек бойынша 1155 жылы дүниеге келіпті. Монғол аңызына сүйенсек, Темучиннің әкесі қият-борджигін руынан, анасы қоңырат қызы. Әкеден ерте айырылып Темучин жастайынан көп қиыншылықты басынан кешіреді. Ержеткен соң сенімді жігіттерден қол жинап, ержүрек жауынгер деген атқа ие болады. XII ғ ақырында Орта Азия далаларының ықпалды көсемдері дәрежесіне көтерілді.

Темучиннің мәртебесін көтеруде оның керейттер ұлысының билеушісі Тоғұрыл Ван ханмен ынтымақтасуы маңызды рөл атқарды. Керейттердің наймандармен, монғол тілдес татарлармен, меркіттермен соғысында ол оның вассалы ретінде шайқасты.

1185 ж. Ван ханмен Темучин бірігіп Селенга өзенін сағалаған меркіт тайпасын талқандайды. Осы жеңістен кейін Темучинге барлас, жалайыр т.б. рулар келіп қосылады.

1198 ж. екеуі татарларды талқандайды. Темучин жол жөнекей татарларға қарсы соғысқа қатыспағаны үшін Керулен өзенінде отырған монғол тайпасы джуркінді талқандап оның басшысын өлтіреді.

1199 ж. Темучин мен Ван хан найман хандарының бірі Бұйрыққа шабуыл жасайды. Әскерін жинап үлгермеген Бұйрық хан жеңіледі. Енді Темучинге Бұйрық ханның бауыры Даян хан әскерін жинайды. Бұл соғыста да Темучин жеңеді.

1200 ж. Темучин мен Ван хан меркіттерге екінші соққы береді. 1201ж. Джамуха наймандардан, меркіттерден, джатжираттардан т.б. тайпалардан қол жинап Темучин мен Ван ханға қарсы шығады. Алайда бірікке күш жеңіліс табады.

1202 жылы Темучин татар ұлысын түпкілікті талқандайды. Осы жылы Бұйрық хан басқарған наймандармен меркіттерден тұратын коалиция құрылады. Темучинмен соғысуға бас тартады. Осы кезде Темучин мен Ван ханның да арасы жақсы болмайды. Дегенмен үш күндік шайқаста Ван хан жеңіліс тауып наймандардан қашады. Даян ханның әскерлеріне ұсталып өлтіріледі. Ван ханның басы кесіліп күміспен күптеліп Даян ханға табыс етіледі. Аңыз бойынша қиын қыстау сәттерде Даян хан осы қу баспен ақылдасады делінген. Бұл жағдай IX ғасырда Киев князі Святославпен қыпшақтардың арасында соғыста қаза тапқан княздің басын кесіп күміспен күптеген.

1203-1204 жылы қыста Даян хан Темучинге қарсы қол жинайды. Бұны естіген Темучин 45 мың атты әскерімен шабуылды өзі бастайды. Науы тауының етігінде соғыс басталады. 55 әскері болса да соғыс тәжірибесі жетпейді. Сөйтіп Даян мен Бұйрық өлтіріледі, Даянның баласчы Күшлік құтылып кетеді.

Осы соғыстардың нәтижесінде Темучин Орта Азияда жалғыз билеуші болып шыға келді. 1206 жылы Онон өзенінің бастауында Темучинді қолдаушы көшпелі билеушілер бас қосып, қасиетті ақ туды көтеріп, құрылтай шақырады да Темучинді ұлы хан Шыңғысхан деп жариялайды.

Әскери ұйымға негізделген Шыңғысхан мемлекеті оң қанат (барұнғар), сол қанат (жоңғар), орталық (гол) болып үш аймаққа бөлінді. Әрбір аймақ 10 мың адамнан құрылған түменге, «мыңдық» -он «жүздікке», ал «жүздік» - он «ондыққа», бүкіл монғол әскері 95 мыңдыққа бөлінді.

1207-1211 жылда Сібір мен Шығыс Түркістан халықтары –бурят, якут, ойрат, қырғыз, ұйғыр халықтарын бағындырды. Танғұттың Ся-Ся мемлекетіне қарсы жорық жүргізді.

1208-1209 жылдары наймандар монғолдардан жеңіліс тауып, Күшлік ханның бастауымен Жетісуға келіп паналайды, ал меркіттер Орталық Қазақстан даласына қашты. Күшлік хан қарақытайлықтарды басып алып, билікті қолына алды. Ендігі оның мақсаты қарлұқтарды, қаңлыларды және ұйғырларды бағындыру мақсатымен жорықтар ұйымдастыра бастайды.

Қарлұқтар ханы Арслан ұйғыр идикуты Барчук арттегин наймандардың жауы монғолдардан көмек сұрайды. 1211жылы ұйғырлар мен қарлұқтар өз еркімен Шыңғысханның құзырына көшкенін қытай, монғол, араб-парсы деректері хабарлайды.

1215 ж.ж. Цзинь мемлекетінің астанасы Чжундуд (Пекин) басып алды. 1216 жылы Солтүстік Қытайдағы әрекет сәтімен аяқталған соң моңғолдар Батысқа жылжуын жалғастырады. Шыңғысхан үлкен ұлы Жошыға меркіттерді, сүйікті қолбасшысы Жебе Ноянға Күшлік ханды бағындыруды табыстады.

1218 ж. Күшлік хан талқандалып, монғолдар Жетісуға келеді. Оларды жергілікті мұсылман халқы қуанышпен қарсы алады.

Шыңғысхан бұдан кейін Европа мен алдыңғы Азияға жол ашатын Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуға ерекше мән беріп даярланды.

1211 жылы Құбылай бастаған монғол әскері Жетісу жеріне, одан соң Оңтүстік Қазақстанға, Орта Азияға баса көктеп кірді. 1219 жылы күзде Шыңғысхан 150 мың әскерімен Отырарды қоршауға алды. Нәтижеде “Отырар апаты” деген қайғылы оқиға болды. Отырар әміршісі Қайырханның басшылығымен отырарлықтар бар күш-жігерін салып қорғанды. Кейбір деректерде Қайырханның 20 мың әскері болды десе, басқа бір деректерде 50 мың әскері болған деген пікірлер бар. Отырар 5-ай бойы қоршауда болды. Тек әскер басы болған Қараджы-Қаджитің монғолдарға Отырардың қақпасын ашып беруі (сатқындығы) монғолдардың қалаға баса көктеп кіруге мүмкіндік берген. Алайда Отырар бұдан кейін де бір ай бойы монғол басқыншыларына қарсылық көрсетіп қорғана білген. Тек қаланы қорғаушылар түгел қырылғаннан кейін барып, 1220 жылы февральда алынды. Отырар әміршісі Қайырхан қолға түсіп Шыңғысханның әмірімен көмейіне қорғасын құйылып өлтірілген. Отырар қаласы жермен жексен етілді. Сыр бойындағы басқа қалаларды да монғол әскерлері басып алды. Сонымен Шыңғысхан әскерлері 1221 жылы Хорезмді жаулап алумен Орта Азиядағы соғысты аяқтады.

1219-1224 ж.ж. аралығында Монғол шапқыншылығы нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азия Шыңғысхан империясының құрамына кірді.

Орасан зор империя құрған Шыңғысхан басып алған жерлерді өзінің 4 баласына ұлыс етіп әрқайсына үлестіріп бөліп берді. Қазақстанға жасаған монғол шапқыншылығының монғол жаулап алушылары көптеген халықтардың экономикалық және мәдени прогресін, олардың саяси, әлеуметтік және этникалық дамуын ұзақ уақытқа шегереді. Монғолдардың жаулап алу салдарынан өндіргіш күштер талқандалып, адамдар жаппай қырғынға ұшырады. Өркендеп тұрған қалалар жер бетімен жексен болып күйреді. Материалдық және мәдени байлақытар жойылды, экономиканың дамуы ұзақ уақытқа артқа шегініп кетті. Ондаған мың тамаша қолөнер шеберлері құлдыққа айналды. Ел ішінде індет меңдеді, ашаршылық, жоқшылық кең орын алды. Бағындырылған халық хан үйіне тиесілі деп саналып оларға ауыр салықтар мен міндеткерліктер жүктеліп отырды.

Хан сарайы мен өзінің әміршілерінің пайдасы үшін көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын халық құшыр (ұшыр) салығын төлеуге тиісті болды.

Шыңғысхан ат тұяғы жетер жердің бәрін өзіне қаратуды алға қойды. Орта Азия мен Қазақстан жерін өзіне қарату оған Шығыс Еуропаға және Таяу Шығысқа апаратын жолды ашты. Осы себепті бұл жорыққа Шыңғысхан мұқият даярланды. Мұсылмандарға қызмет еткен мұсылман көпестер мен қашқындар қарақытайлар мемлекеті, кейінде Хорезм шахы туралы мәліметтер тасумен болды. Шыңғысхан Орта Азияға сауда керуенін жіберді. Онда 450 адам, 500 түйе бар еді. **1218 жылдың жазында** керуен Отырарға жетеді. Отырар билеушісі Қайыр хан көпестердің тыңшы екенін біліп барлығын өлтіруге бұйрық береді. Енді Шыңғысхан Хорезм шахына Қайыр ханды беруін талап етеді. Бірақ осы талапты айтуға келген елшілер де өлтіріледі. Осылайша Шыңғысхан Хорезмге жорық жасады.

Жорық 1219 жылдың қыркүйек айында басталды. Шамамен 150 мың әскер жинаған Шыңғысхан Ертістен Сырдарияға бет алды. Отырарды қоршауға Шыңғысханның екі ұлы – Жент пен Янгикентті, үшіншісі қосындарды алуға, ал Шыңғысханның өзі негізгі күшпен Бұхараға жылжиды.

Отырар билеушісі Қайырханның қол астында шамамен 20-25 мың әскер бар еді. Қаланы қоршау бес айға жуық созылды. Хорезмдік әскербасы Қараджахаджитің сатқындығынан жау қалаға кіреді. 1220 жылдың ақпанында Отырар толығымен жау қолына көшті. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы **Сыр бойындағы қыпшақтар астанасы Сығанақты 7күн және 7түн қоршады**. Ақыры басып алған соң тұрғындарын қырып тастады.

Шыңғысхан қолы Сырдың бойымен төмен жүріп отырып, Өзгент және Баршыкент қалаларын қарсылықсыз ақ алды. Ашнасу қаласын қорғаған кедейлер қатты қарсылық көрсетті. Бірақ күш тең емес еді.

Бұдан кейін Жент пен Янгикент қалалары құлады. 1220 ж. Жошы хан Жент қаласында өткізді. 1221 жылы Үргеніш қаласын бағындырған соң Аралдың Солтүстік шығысындағы елді мекендерге бет алды. Қыпшақтар қарсылық көрсеткенімен ең соңында тізе бүкті. **Жебе ноян мен Сүбедей** батыр басқарған Қыпшақтар қарсылық көрсеткенімен ең соңында тізе бүкті. Жебе ноян мен Сүбедей батыр басқарған 30 мың әскер Солтүстік Иран арқылы 1220 жылы Кавказға кірді де аландарды, қыпшақтарды половецтерді және Калкадағы орыстарды талқандаған соң Қазақстан даласы арқылы Шыңғысхан ордасына 1224 жылы оралды. Осылайша 1219-1224 жылы монғол шапқыншылығы нәтижесінде қазіргі Қазақстан мен Орта Азия Шыңғысхан империясының құрамына енді.

Жошы ұлысына Ертіс өзенінен батыс Еуропа жеріне дейін. Шығыс Дешті Қыпшақ даласы, Арал, Сырдарияның төменгі ағысы, Жетісудың солтүстік Шығыс бөліктері.

Шағатай ұлысы Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан (Жетісу) мен Орта Азия жерлерін алды. Астанасы Алмалық қаласы. Ұлысқа Шығыс Түркістан жері де енген.

Үгедей ұлысы Батыс Монғолия, Алтай, Тарбағатай, Ертістің жоғарғы ағысы.

Төле ұлысы Монғолия жерін билеген.

Немерелер ұлысы

Батый ұлысы Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі жерлер. Орталығы Сарай Бату. Еділ өзені бойында, кейін Сарай Беркеге көшірілді (Алтын Орда).

Шайбан ұлысы Орал, Ырғыз, Тобыл, Сарысу және Сырдария өзенінің төменгі ағысы жерлері.

Ежен ұлысы Шығыс Дешті Қыпшақ жері, Сырдария өзенінің төменгі ағысы.

Шыңғысханның және оның ізбасарларының соғыстары жаулап алынған елдердің ғана емес сондай-ақ бүкіл Монғолияның өздерінің де өндіргіш күштерін күйзеліске ұшыратып құлдыратты.

2. Алтын Орданың Еуразия империясы ретінде құрылуы: территория, этникалық процестер, мәдени симбиоз.

Алтын Орда. 1243 жылы Еділдің төменгі бойында Алтын Орда мемлекеті құрылды.

Алғашқы билеушісі Батый хан болды (лақап аты - Сайын). Территориясы Шығыс Дешті Қыпшақ, Хорезм, Батыс Сібір территориясының бір бөлігімен қоса Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі жерлер. Алтын Орданың астанасы Сарай Бату (Астрахань маңы) деп аталды. Кейін Сарай Берке деп ауысты. Сарай Берке –Азиядан Еуропаға баратын ірі сауда орталығы болды. Орыс князьдықтары Алтын Орда мемлекетіне салық төл Орыс князьдықтары Алтын Орда мемлекетіне салық төлеп тұрды.

Алтын Орда ұлысы бір текті емес. Алтын Орданың көшпелі халқын негізінен түркі тілдес тайпалар қыпшақтар, наймандар, қаңлылар т.б. құрады. Отырықшы халқы Отырықшы халқы мордвалар, орыстар, хорезмдіктер құрады, ал монғолдардың өзі өте аз болды. XIII- XIV ғ Алтын Орда ғ Алтын Орда мемлекетіндегі халықтың барлығын татарлар деп атаған. Тілі қыпшақ тілі. XIV ғ монғолдар толығымен түркіленді.

Бір жағдайда Алтын Орда деп Батый мен оның мирасқоры Беркенің жеке иелігіндегі жерлерді яғни Повольже мен Солтүстік Кавказды айтқан, ал енді бір жерде түгелдей Жошы ұлысы айтылған Батый 1227-1255ж Алтын Ордаға билігін жүргізуде көп беделге ие болды (баласы өзінің мирасқоры Мөңкемен бірге) биледі. Алайда Батый да оның мирасқорлары да Алтын Орданың тағында бір тұтас мемлекетті басқарушылар болмады. Жошы ұлысы үлестерге оның көптеген ұлдарының ұлыстарына ыдырады. Алтын Ордада, өз кезегінде, ұлыс жүйесі қалыптасты. Алтын Орда астанасы Еділ сағасындағы Сарай қаласында болды; көп кешікпей ол Азиядан Еуропаға баратын керуен жолындағы аса ірі сауда орталығына айналды.

Алтын Орда XIII-XIV ғасырларда күшті мемлекет болып тұрды. Бұл тұста оның мемлекет ретіндегі беделі өсіп, көрші елдермен қарым-қатынасы нығайды, шаруашылығы, мәдениеті өркен жайды. Осы кезеңдерде Алтын Орданың қол астындағы жерлерде, әсіресе Батый сарайы, берке сарайы, Керчь, Үргеніш, Хорезм, Сығанақ сияқты кенттерде қолөнер, ғылым, әдет салалары өсті. Оған, біріншіден, түркі текті ру-тайпалар мен халықтардың мәдениеті, әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, әл-Беруни, Ас-Сығанақи, Ибн Исқак, Фирдауси, Низами, Ахмет Ясауи, т.б. ғалымдар мен ақындардың мұраларын пайдалану мен ілгері дамыту оң әсерін тигізсе, екіншіден, көрші елдер мәдениетінен үйренудің ізгі ықпалы болды.

Алтын Орда хандары Батый (1256 ж. өлді), Берке (1257-66 ж), Мөңке-Темір (1266-80 ж.), Туда-Мөңке (1280-87 ж.); Төле-Бұқа (1287-91 ж.), Тоқты (1291-1312 ж.), Өзбек (1312-42 ж.), Жәнібек (1342-57 ж.) хандар тұсында Алтын Орданың қуаты арта түсіп, билігі мейлінше күшейді. Егер Жошы мен Батый Монғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бас иген болса, Беркеден бастап Алтын Орда хандары өздерін толықтай тәуелсіз деп есептеді. Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен саудасаттығы өркендеді, әр түрлі кәсіпшілік пен қолөнері дамыды. Берке тұсында Алтын Ордаға ислам діні ене бастап, Өзбек тұсында ол үстем дінге айналды. Саяси өмірдің ерекше маңызды кезеңдерінде билеуші әулеттің өкілдері бастаған әскери феодалдық алпауыт-бектердің құрылтай шақырылып тұрды. Мемлекеттік құрылыс әскери негізде болды, шет аймақтарды әскери әкімшілік биледі. Қарулы күштер оң қол, сол қолға бөлініп, оларды ханзада-оғландар: түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, онбасы басқарды. Аса маңызды әлеуметтік қызметтерді атқаруға билеуші топтың өз адамдары – оғландар, әмірлер, даруға-бектер қойылды. Мемлекеттік мекемелердің басында атақты билер мен олардың көмекшілері – бақауыл, тұтқауыл, жасауыл, қази, муфти, диуан бітікшілері, талғамшылар отырды. Қалалар мен бағынышты аймақтарды басқару үшін губернаторлар – жаруғашылар, басқақтар тағайындалды. Олардың негізгі міндеті жергілікті халықты бұғауда ұстау, әскер күшімен алым-салық жинау еді. Алтын Орда халқының қоғамдық және мәдени даму дәрежесі әр келкі болды.

Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесі біркездері Шыңғысхан құрған Ұлы Монғол империясының басқару дәстүріне өте ұқсас болды. Мемлекет Жошы ханның ұлысы болып есептелді. Қазақстан жерінде Шыңғысханның «Жасақ» заңдар жинағы және отырықшы аудандарда шариғат заңдары қолданылды. Қалыптасқан дәстүр бойынша

Шыңғысхан ұрпағы ғана хан болып сайланды. Алтын Орда мемлекеті оң қанат және сол қанат болып бөлінді. Қазіргі Қазақстан жері сол қанатқа кірген.

Мемлекеттік маңызды істер жылына бір рет шақырылатын ақсүйектер құрылтайына шешімін тауып отырды. Ханнан кейінгі басқарудың жоғарғы тобы – *сұлтандар (төрелер)* болды.

Әскер және дипломатиялық мәселелерге *беклербек* басшылық жасады. Ал ішкі мәселемен айналысатын уәзірлер атқарушы орган *диуанға* да басшылық етті. Салық жинау ісімен *даруғалар* айналысты. Сонымен қатар әскери басқару жүйесі, алым-салық істері сияқты маңызды мәселелер *басқақатардың* қолында болды. Ханның туыстары, *нояндар, бектер және әмірлердің* қолына да бірқатар биліктер қарады және ең соңында қара сүйектен шыққан билеуші тап немесе «қараша бектер» тұрды.

Мемлекетте іс қағаздар жүргізу дәстүрі орнықты. Онда арнайы хатшылар қызмет жасады. Негізінен араб әліпбиіне негізделген түрік жазуы қолданылды.

Көшпелі халықтарда (қыпшақ, монғол, татар тайпалары) жартылай патриархтық, жартылай феодалдық қатынастар үстемдік етті. Шаруалардың жағдайы мейлінше ауыр болды – олар екі жақтан бірдей қаналды: ханға да, жергілікті ірі алпауыттарға да алым-салық төледі. Бастапқыда салықтың дені хан қазынасына түсті. Кейіннен Алтын Орда хандары жергілікті билеушілерге тархандық жарлық үлестіруді кеңінен қолданды. Мұның өзі феодалдардың бағынышты халықты шексіз билеуіне және салықты өз қалауынша жинауына ерік берді. Екінші шаруалар өңделгенжерден заттай алынатын салық төледі. Серіктес шаруалар феодалдарға еріксіз жұмыс істеп, салықтарын өтеді. Бұлардың үстіне жол, көпір, көлік, арық, жүзім т.б. салықтары болды. Жеке меншікті қорғау үшін мемлекеттік заң және мемлекеттік идеология қалыптасты.

XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда ішкі алауыздықтың кесірінен әлсірей бастайды. Өз Жәнібектен кейін билікке келген Бердібек екі жылға жақын уақыт ішінде Жошыдан тараған өз туыстарын, тіпті өз ұлдарын да өлтірді. Қазақ шежіресі бұл оқиғаны «Бердібекте нар мойыны кесілді» дейді, яғни Жошы тұқымының билігі аяқталды. 1357-1380жылдар аралығында билікте жиырмадан астам хан болып, олар билік үшін тартыста бірін-бірі өлтірген. 1380 жылы Мамай мырза басқарған Алтын Орда әскері Куликово даласында Дмитрий Донской әскерлерінен жеңіледі. Осыдан кейін Алтын Орда әлсірей түседі. Ал Куликовадағы жеңілісті пайдаланған Тоқтамыс Алтын Орда билігін тартып алады. Билігін күшейте түсе мақсатында Тоқтамыс 1382 жылы Мәскеуге барып кіріп қаланы өртеп жібереді. Тоқтамыс сонымен қатар Мауараннахрға, Кавказ елдеріне де шабуыл жасайды. Мауараннахр билеушісі Әмір Темір кек алу мақсатында Алтын Ордаға бірнеше рет шабуыл жасап, халқын қырғынға ұшыратып, мемлекетті мүлдем әлсіретіп жібереді.

XV ғасырдың соңына қарай Алтын Орда мемлекеті біржолата құлайды. Оның құрамынан Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Сібір, Қазан, Қырым және Астрахан хандықтары бөлініп шығады.

Алтын Орда дәуірінің мәдениеті.

Алтын Орда мәдениетінің өзегін негізінен Еуразияның көшпелілері мен отырықшы халықтары құрады, бірақ отырықшы жер өңдеуші мәдениеттің ықпалы күшті болды. Алтын Орда мемлекетінде ондаған ірі қалалар саңырауқұлақтай бой көтерді. Көшпелі шаруашылық соншама көп өзгере қоймағандықтан, материалдық мәдениет дәстүрлі болып қала берді. Сонымен қатар отырықшылықтың бірқатар элементтері түркі-монғолдық тайпалар арасында орын алды. Бұл Сарыарқаның кейбір жерлерінде шағын қалалардың, керуен сарайлардың, бекіністердің пайда болуымен дәлелденеді. Батыс Қазақстандағы Сарайшық қаласында теңге соғылған. XIV ғасырға қарай қала қамалдарын қайтадан қалыпқа келтіру ісі қолға алынды. Ислам дінінің орнығуымен қалаларда мешіттер мен кесенелердің өсуі байқалды.

Ортағасырлық бірден-бір көрнекті архитектуралық ескерткіш Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесі. Темірдің билігі кезінде салынған бұл кесене Қазақстанда ислам

діні таралуының орталығына айналды. Қазақстанда исламды таратуда, қолдауда Йасауи сопылық ағымы белсенділік танытты. Бұл ағымның діни –мистикалық идеялары «Диуани Хикмет» кітабында айтылады.

Орта ғасырларда Сарыарқа даласында Жошы хан, Болған ана, Жұбан ана және т.б. архитектуралық ескерткіштер тұрғызылды. Олар архитектуралық өзіндік сәулетімен ерекшеленеді, төртбұрышты негізде, сфера тәріздес күмбезімен салынған. Бұл дала өңіріндегі архитектуралық дәстүрдің жаңа түрі еді. Алтын Орда дәуірі қазақ материалдық мәдениетіне жаңа мазмұн мен түр енгізді.

Моңғолдардың үстемдігі түрік қыпшақ тілінің таралуына бөгет болған жоқ, керісінше түріктендіру процесі жеделдеді. Алтын Орда кезеңінде жазбаша деректер үш диалекті – қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдерінің негізінде жасалған түркі тілінде (шағатай) жазылды. XIII-XV ғасырларда көптеген діни –дидактикалық кітаптар мен сөздіктер пайда болды. Сафи Сарай «Гулистан би-т-турки», Хорезми «Махамаббатнама», Құтып «Хусрау уа Шырын» туындыларын жазды.

XIV-XV ғасырларда Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жыраулардың шығармашылығы жатады. Бұл әдеби дәстүр өз бастауын Сыпыра жырау мен Кетбұғадан алады. Халықтың аңыздарына қарағанда Кетбұғаның көптеген өлеңдері Шыңғысханға арналған, мәселен, Жошы өлімін жоқтау. Сыпыра жырау Тоқтамыс ханның кезінде өмір сүріп, Алтын Ордада болған барлық қиындықтарды шешуге көп септігін тигізген. Асан қайғы «жерұйығын» іздеп ұлы даланы кезген данышпан ойшыл. Оның поэзиясы Алтын Орданың күшеюін көксеген ұлыс ақсүйектері өкілдерінің ойларын бір арнаға салған, империяны сақтауды көздеген үндеулерге толы. Асан қайғы өмірінің белсенді уақыты Әз Жәнібек хан (1342-1357) кезеңіне сай келеді.

XIV-XV ғасырлардың ұлы жыраулары қазақ батырлық эпосының негізін салды. «Едіге», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» эпостарында Алтын Орданың әскери және саяси тарихы шынайы бейнеленген.

3. Ортағасырлық мемлекеттер XIV-XV ғғ.

Қазақстан тарихында XIV-XV ғғ. айрықша орын алады: бұл кезде ер алуан түріктілді және моңғол тілді этникалық топтардан қазақ халқының өзінің құрылу процесі аяқталып, оның мемлекеттігі жергілікті этникалық негізде қалпына келтіріледі. Моңғол ұлыстары құрамына зорлықпен енгізілген халықтар мен елдердің, облыстардың дербес даму жолындағы күресі, олардың ішкі өміріндегі өзгерістер Алтын Орда мен Шағатай ұрпақтары мемлекеттің азып-тозып ыдырау процесін тездетеді, моңғол өктемдігі орнағаннан кейін Қазақстан территориясы осынау екі мемлекет құрамына кірген еді. Моңғол жаулаушылары тым ауыр экономикалық зардабы бірте-бірте жойылып, жөнделе бастады. Қазақстанның Оңтүстігіндегі егіншілік кесібі, қала өмірі, қолөнері, өндірісі, оңтүстік – шығыстағы жер өңдеп, егін салу, қайта туып, өркен жаяды, мал саны көбейеді. Орталық Қазақстан мен Жетісу далалық аудандарының Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияның көгалды аймақтары мен жүргізетін сауда байланыстары қалпына келтірілді. Қоғамдық қарым – қатынастар дамуында да бірсыпыра алға басушылық байқалады.

Моңғолдан кейінгі (XIV-XV ғғ.) Шығыс Дешті–Қыпшақ, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның (парсы және түріктілді бастау хаттарда Қазақстанның бұл бөлегі Түркістан деп аталады) орасан кең территориясындағы көшпелі және жартылай көшпелі, отырықшы – егінші халықтың бас қосып бірігуімен сипатталады.

Біріңғай халықпен оның мемлекеттілігін құру жолындағы тарихи қам – харекеттің дамуы аймақтың саяси бытыраңқылығын болдырмау ісінің аса қиын жағдайында өтеді. Қазақстан тарихының осынау аса күрделі кезеңінің бастапқы кезінде моңғол ұлыстары – Шыңғыс ұрпақтарының Дешті – Қыпшақ пен Орта Азиядағы (Мауараннахр) еншіліктері ыдырайды да, соңғы кезінде қазақтың өз мемлекеті – Қазақ хандығы құрылады. Моңғол дәуірінен соң осыаймақ халқының саяси өмірінің дамуы жергілікті этникалық негізде пайда болған бірнеше мемлекеттік құрылымның оңашалануы арқылы өтеді: олар Ақ орда,

Моғолстан, Әбілқайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті), Ноғай ордасы. XIV ғ. мен XV ғ. бас кезіндегі Қазақстан халқының мемлекеттік бытыраңқылығының сақталып қалуы –енді ғана құрылып жатқан қазақ халқы этникалық жолының, үш жүздің түзілуі сияқты, ерекшелігінің тууына себепші болғанын да атап өту қажет. Сол сияқты тарихи дамудың сол кезеңінде ілгеріде айтылған мемлекеттер шеңберіндегі этникалық-саяси эволюция процесі жаңа ұйымдасып жатқан көрші түркі халықтары-қазақ, өзбек, татар, ноғай, т. б. үшін де-белгілі дәрежеде ортақ болып шыққаны да менді құбылыс.

Шығыс Дешті Қыпшақ жерінде XIII-ғ. орта кезі мен XV-ғ. I-ші ширегінде **Ақ Орда мемлекеті** болады. Рашид ад-Диннің жазуына қарағанда (XIV-ғ.) Жошы ұлысының шығыс бөлігін (сол қанат), әкесінің көзі тірісінде, үш інісімен бірге, Жошының үлкен ұлы Орда (Орда Ежен, Орда Ичен) алады.

Әбілғазының айтуынша (XVII) осынау жерді оған інісі Бату хан XIII ғ. орта кезінде бөліп береді. Орданың мирасқорлары іс жүзінде дербес билеушілері болады. Рашид ад-Динге жүгінсек, Батухан ұрпағының вассалымыз деп сөз жүзінде ғана мойындайтын нөз ұлысының теуелсіз алдиярлары болады.

Ақорданың кемеліне келіп, толысқан шағы XIV ғ. екінші жартысы 60-70 жылдары *Орыс хан* тұсында, бірақ оның территориясы Алтын Ордаға тәуелділігі әлсіреуіне орай, бірте-бірте кеңейіп қалыптасады. Орда Еженнің ұлысына еуелгі кезде Жетісудың солтүстік – шығыс бөлегі, Ертіс өңірі, Ұлытау мен Кентауға дейін дала кіреді. Жайық, Ырғыз, Торғай, Тобыл мен Сарысу өзендері алқаптарында, Арал өңірінің даласы мен Төменгі Сырдария бойында Жошының тағы бір ұлы–Шейбанның ұлысы болды. Плано Карпинидің айтуынша, XIII ғ. орта кезінде Орда қонысы Ертіс бойында, Алакөл маңында болған. XIV ғ. Орда Ежен ұрпағы билеушілерінің өкімі Шайбан ұлысына да қазіргі Қазақстанның күллі жеріне жүрген, оған тек Шағатай мемлекетінде, сосын Моғолстан құрамында болған Жетісу ғана енбеген. Енді Ақорданың саяси орталығы Қазақстанның оңтүстігіне көшеді де, *Сызанақ* қаласы астана болады. Әсілі, осы оқиғаға байланысты мемлекеттің аты өзгергенге ұқсайды: бірқатар зерттеушілер Қазақстан жеріндегі осы бір мемлекетті Көк Орда деп атайды. Тегі, Орда Ежен иелігінің аты бастапқы кезде Көк Орда, ал Шейбанның ұлысы - Ақ орда деп аталса керек. Шейбан ұлысы Орда ұрпақтары иелігі құрамына кіргеннен кейін, бүкіл мемлекет Ақ Орда деп аталып кетеді. Тарихи деректерде бұл атау XV ғ. бастап белгілі. XIV ғ. соңынан бастап Ақ орда жер , сол сияқты өзбек ұлысы деп те аталады.

Ақ орда дербес мемлекет ретінде, моңғолдан соңғы кезеңде, шаруашылық қайта түлеп жаңғыра бастаған жергілікті түрік және түріктенген ақсүйектер ролі күшейген жағдайда туып қалыптасты. Бұл жерде қыпшақтар мен наймандар, үйсіндер мен арғындар, қарлұқтар мен керейлер, қаңлылар мен қоңыраттар, маңғыттар т.б. көптеген тайпалар қоныс еткен еді.

XIV ғасырдың 50-60-жылдарында батыс бөлігінде, Мауараннахрда ірі түрік-манғол тайпаларының көсемдері арасында кескілескен күрес өріс алды. Қырқыс Шағатай және Үгедей ұрпақтарының маңғолдардан, түріктерден, тәжіктерден тұратын полиэтникалық мемлекетті басқара алмайтынын иеліктерінің далалық аудандарына – Моғолстанда билік жүргізе алмады. Мауараннахрдың ірі шонжарлары мен жоғарғы саудагер топтары елге мықты Билік керек екендігін түсіді. Әмір Темір өз қолына осындай билікті Шоғырландырып, күшті мемлекет құра білді.

Жошы ұлысында (Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда) моңғолдар өте аз болды Алтын Ордаға жаулап ала жолымен біртұтас жүйеге біріктірілген тайпалар мен халықтар жиналды. Бұл мемлекет, оған күшті және жігерлі хандар билік еткен кезде болмаса, онша ұзақ уақыт болған жоқ. Бірақ олардың біреуі өзбек хан (ол 1312 жылдан бастап билік етті) кезінде-ақ мемлекеттің орнықтылығын шайқалтқан оқиғалар болды: мұсылман дініне кірген ол Шыңғыстан тараған тектің жаңа кіруден бас тартып, бабаларының нанымын сақтап қалғысы келген ондаған өкілдері мен барлық нояндарды қырып тастады.

50-жылдардың орта шенінде Жәнібек ханды оның үлкен ұлы Бердібек өлтіргеннен кейін, орыс жылнамасының анықтауы бойынша, нұлыалапат (1359-1379 жж) деген атпен мелім болған жиырма жылдық өзара қырқыс басталды.

Алтын Орданың батыс бөлігі бірнеше иеліктерге бөлінді. Еділ бойында, Астраханда, Қырымда, Сарайшықта жергілікті еміршілер, Қара теңіз өңірінде Түменбасы Мамай орнықты. Жошы ұрпағынан тараған жекелеген хандар мен ірі Тайпалардың жетекшілері оларды уақытша біріктіргенімен де, Хү ғасырдың өзінде-ақ бұл иеліктер теуелсіз Қазан, Астрахан, Қырым, Үлкен Орда хандықтарына айналды. Қазақстан мен Түркістанның далалық аумағында жергілікті билік нығайды. XIII ғасырдың ортасынан бастап Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Ақ Орда мемлекеті өмір сүрді. Орданың мирасқорлары іс жүзінде дербес билеушілер, Рашид ад-Диннің айтуынша, өздерін Батый хан ұрпағының вассалдары деп сөз жүзінде ғана санаған "өз ұлысының теуелсіз патшалары" болды.

XIV ғасырда Орда-Ежен тегінен шыққан еміршілердің билігі Шайбани ұлысына да таралды. Қазіргі зерттеушілердің бір қатары Қазақстан аумағында осы мемлекеттің құрылуына «**Көк Орда**» атауын теліп жүр. Олар Батый ханның Жайық өзенінің батыс жағындағы иеліктерін, соның ішінде Шайбани ұлысын да Ақ Орда деп атайды. Шайбани ұлысы Орда ұрпақтарының иеліктері құрамына енгеннен кейін "Ақ Орда" бүкіл біріктірілген мемлекетке көшкен болуы ықтимал. XIV ғасырдың аяғынан бастап Ақ Орда хандарының иеліктері деректемелерде өзбек ұлысы деп атала бастаған.

Ақ Орда ның саяси тарихы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Алтын Ордаға теуелсіз хандардың өз билігін нығайту жолындағы күресімен, кейініректе - Ақ Орданың ыдырап бара жатқан Алтын Ордадағы қырқысқа араласуымен, содан соң Орта Азия билеушісі Әмір Темірдің агрессиясына тойтарыс берумен сипатталады.

Ақ Орданың Алтын Ордадан оқшаулануы XIX ғасырдың екінші ширегіне, Ерзен мен Мүбәрәк кезінде болған делінеді. Ол XIV ғасырдың 60-70 жылдарында билік еткен Ұрұс хан кезінде едәуір нығайған. Сол кезеңде Темірге қарсы Ақ Орданың теуелсіздігі жолындағы күрестің негізгі ауыртпалығы соған түскен еді. Кейініректе Ақ Ордадағы билікті қолға алған Темірдің қолшоқпары, Жошы ұрпағы тоқтамыс жергілікті шонжарларға және ескери ресустарға сүйене отырып, Алтын Орданың батыс бөлігін басып алып, оның ыдырауын уақытша тоқтатты. Бірақ 90-шы жылдарда орданы Темір талақандады.

XIV ғасырдың аяғы XV- ғасырдың басында сыртқы саяси ауыр жағдайлар мен ішкі қырқыстар кезінде Ақ Орда едәуір әлсіреп кетті. 20-шы жылдарда Ұрұс ханның немересі Барақ хан (1423-1428ж.ж.) өз әулетінің билігін бірсыпыра уақытта орнына келтірді. 20-шы жылдардың аяғында Шығыс Дешті Қыпшақтың үлкен бөлігінде билік Шайбани ұрпағы Әбілхайырдың қолына көшті де, бір бөлігі Ноғай ордасы болды. XV ғасырдың екінші ширегінде Ұрұс хан мен Барақ ұрпақтары Қазақстанның оңтүстік аудандарында өз биліктерін сақтап қалды.

XIV ғасырдың ортасы-XVI ғасырдың басында Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағы **Моғолстан /1347-1508 ж.ж./** мемлекетіне кірді. Ол Орта Азияның солтүстік шығысында, моңғолдар кезінде ар мен талас тартыстарға, көршілес мемлекеттер тарапынан жасалған шабуылдарды тойтаруға толы.

Шыңғысханның ұлдарының бірі Шағатай ұлысы ыдырауының нәтижесінде XIY ғасырдың ортасында Орта Азияның солтүстік шығыс бөлігі, Жетісу мен Шығыс Түркістан жерінде Моғолстан мемлекеті құрылды. Қазіргі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағы XIY ғасырдың ортасы – ХҮІ ғасырдың басында Моғолстан мемлекетінің құрамына кірді. «Моғолстан» атауына келетін болсақ, бұл сөз «монғол» сөзінен шыққан, алайда Шоқан Уәлиханов: «Моғолды монғолдармен шатастыруға болмайды. Олар мұсылман дініндегі түркі тілдес тайпалар», - деп жазды. Бұл жөнінде В.В.Бартольд та: «Ол кезде Моғолстан атанған Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның негізгі тұрғындары түркі тілдес халықтар болды», - дейді.

Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарих и Рашиди» атты шығармасында «Қазіргі күнде Моғолстан атанып отырған аумақтың ұзыны мен көлденеңі 7-8 айлық жол. Баркөл, Ертіс-Көкше теңіз, Түркістан-Ташкент, Ферғана, Қашғар, Ақсу аралығы. Олардың көпшілік бөлігінің тау мен дала (сахара) өте әдемі әрі саф таза екені сонша, мен оларды суреттеуге сөз таба алмай отырмын. Оның таулары мен даласында көлдердің көптігінен атуларын ешкімде есінде сақтап қала алмайды. Мұндай көлдер Моғолстаннан басқа еш жерде кездеспейді, ал оларды суреттеуге тіл жетпейді. Моғолстанның көпшілік жері климатының жаз кезінде мейлінше қоңыржай болатыны сонша, егер жеңіл киім (шекпені) болса, адамға басқа ешқандай киімнің керегі жоқ. Егер (өзіңе) бір (жылы) нәрсе киең, климаттың жылы болуы себепті оны сезінесің».

Моғолстан мемлекетінің астанасы Жетісу аймағындағы Алмалық қаласы, хандықтың алғашқы хандарының бірі Тоғылық Темірдің ордасы болды.

Деректерге сүйенсек, Тоғылық Темір өзінің бар ғұмырын жаугершілікпен өткізіп, 1362 жылы дүние салады. Оның мазары Шығыс Түркістандағы Қашқар қаласының маңында орналасқан. Мазардың биіктігі 14 метр.

Моғолстан халқының негізін құраған тайпалардың ішінен дулаттар өздерінің қуаттылығымен ерекшеленді. Тоғылық Темірдің хан атануы дулат тайпасының көсемі әмір Болатшының еңбегі еді. Мырза Хайдар осыған байланысты Құндыз қаласында жазылған хан жарлығы туралы мәлімет береді. Ол жарлықта Болатшыға тоғыз түрлі артықшылық беру мәселесі айтылған. Хандық халқының құрамын духтуй, барлас, барқы, итаршы, күнжі, бекшік, қалушы, макрит (меркіт), шункарги (сұңқаршы) құрады. Олар ертеден осы өңірде өмір сүрген түркі тілдес тайпалар еді, сонымен қатар олардың қатары түріктеніп кеткен монғол тайпаларымен де толықты. Тарихи деректерде Моғолстан құрамында чарос тайпасы аталды. Бұл тайпа кейінгі дәуірде Жоңғарияны биледі. Алайда, Моғолстан мемлекетінің халқы монғол тілдес емес, түркі тілдес тайпалар болғанын айтуымыз керек. Мемлекеттік дінге келетін болсақ, бұған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Моғолстанда бір күнде 160 мың адам мұсылман болды» деген дерегін алға тарта отырып, Тоғылық Темірдің елде ислам дінін енгізуге барынша күш жұмсағанын көре аламыз.

Моғолстанда ұлыстық басқару жүйесі үстемдік құрды, яғни барлық хандықтың аумағы бірнеше ұлыстарға бөлінді. Моғолстан мемлекетіндегі ең жоғарғы билік етуші адам хан атағына ие болды. Хан болса өзінің ел басқару ісінде көмекшілері ұлыбектерге арқа сүйеді, олар әдетте дулат тайпасының әмірлерінен тағайындалатын. Олардың басты міндеті ұлыстардан жиналған алым-салықтармен ханның қазынасын толтыру еді. Алайда мұндай ұлыстық басқару жүйесі хандықтың бытыраңқылыққа ұшырауына алып келді. Себебі ұлыстағы билікті ұстаушы ұлыбектері, соның ішінде Жоңғария, Қырғыз өлкесі мен Жетісуда дара билік жүргізіп келген ірі рулардың ақсүйектері Моғолстандағы хандық өкіметті мойындамай, өз алдына жеке билік құруды көкседі.

Соғыс жорықтары. Рулардың кертартпалығына қарамастан Тоғылық Темір хандықты бір орталыққа бағындырып, 1361 жылы Мауараннахрды толық өзіне қаратты, онда өзінің ұлы Ілияс Қожаны билеуші етіп қою мүмкіндігіне ие болды. Ілияс Қожа 1362 жылы Моғолстанда әкесінің орнына хан болып, Шағатай иеліктерін біріктіруге әрекет жасайды. 1365 жылы Ілияс Қожа Мауараннахрға жасаған жорықтарында Сырдария бойында және Ташкент түбінде Әмір Темір әскерімен кездесіп жеңіс туын көтереді. Алайда оған самарқанды алу мүмкіндігі тумады. Ілияс Қожаның тұсында хандық бірнеше бөліктерге бөлініп, өзара ішкі феодалдық қырқыс басталады. Осындай оңтайлы сәтті Әмір Темір шебер пайдалана білді.

Әмір Темірге қарсы Моғолстан мен Ақ Орда хандықтары соғыс одағын құрады. Алайда Моғолстан Қызыр Қожа хан билігінің тұсында (1385-1399жылдары) Әмір Темірдің күшіне қарсы тұра алмай, оған тәуелділігін мойындауға мәжбүр болады. Мұхаммед Хайдар мырза «Зафар-наме» кітабының деректеріне сүйене отырып, Әмір Темірдің Жетісу өлкесіне жасаған бес жорығын сипаттайды.

Өмір Темірдің жойқын жорықтарына барынша төтеп беріп, оның ықпалынан құтылып, Шу–Талас бойын өзіне қайтарып алған Мұхаммед хан 1408-1416 (18) жылдары билік құрды. Бірақ хандықтың шаруашылық негізі қалпына келе алған жоқ. Мұхаммед ханнан кейін билік төріне көтерілген Уайс ханның (1418-1429 (28) тұсында Моғолстанға ойраттардың шабуылы жиелеп, ол хандықтың ордасын Ілебалыққа көшірді. Уайс ханның мұрагерлерінің талас-тартыстары нәтижесінде билікке келген баласы Есен Бұғаның (1433-1462 ж.) тұсындағы тарихи оқиғаның бірі Көшпелі өзбектер мемлекетінің құрамында өмір сүрген алаш тайпаларының (қазақтардың) Жетісуға үдере көшуі еді. Бұл көшті бастаған Орыс ханның немерелері Керей мен Жәнібек сұлтандар дербес хандықтың негізін салды. Есен Бұға болса өзінің ішкі-сыртқы жағдайын ойластыра отырып, қазақтарды жақсы қарсы алып, Шу мен Талас өзендерінің бойынан жер бөліп берді. Есен Бұғаның мұндағы басты мақсаттарының бірі қазақтарды ойраттарға және Темір әулетіне қарсы күш ретінде пайдалану еді.

Моғолстанның алғашқы хандары Тоғлық Темір мен Ілияс-Қожа 60-жылдарды Мауаранахрда Шағатай ұрпағының билігін қалпына келтіруге ерекет жасады. Бірақ 70-80-жылдардың өзінде-ақ Моғолстан билеушілері Қызыр-Қожа ханның (1388-1389), өмір Қамар ад-дин дуғлаттың, Енге төренің және басқаларының Жетісу мен Қашқарияға Темір ескерлерінің басып кіруіне қарсы ұзаққа созылған және тірескен күрес жүргізуіне тура келді. Оны күрес барысында Ақ Ордамен күш біріктіруге ерекет жасалды. Өмір Темірге қарсы біріктірілген күрестің Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу халқының саяси, шаруашылық байланыстарын орнату үшін зор маңызы болды. Орта Азия билеушісі жорықтарының қортындысында Моғолстан уақытша үлестерге бөлініп кетті. Қызыр-Қожа хан өзін Темірдің вассалы деп тануға межбүр болды. Темір ұрпақтары XV ғасырдың 1-жартысында Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Қырғызстан жерлеріне дәмеленуін тоқтатпады.

Моғолстан мемлекетінің орталығы – Алмалық. Саяси тарихында мемлекеттің күшеюі Мұхаммед хан (1408-1416) тұсына келеді. Билікті орталықтандыру мақсатында ислам дінін күшейткен Мұхаммед игі жетістіктерге жетті. Көрші ойрат тайпалары шапқыншылықтардың ауыртпалығы Уәйс ханға (1418-1428) түсті. Уәйс хан қаза тапқаннан кейін феодалдық тартыс бұрынғыдан да бетер шиеленісті. Феодалдық екі топ: бірі Жүніс сұлтанды, екіншісі Есенбұғаны қолдады. Есенбұғаны жақтаған ақсүйектер жеңіске жетті. 1433-1462 ж. Моғолстан мемлекетінде Есен-бұға ел биледі.

1462-1487 ж.ж. Жүніс хан мемлекеттің жағдайын біршама нығайтты. 1508 ж. Махмұд ханнан (1487-1508) кейін мемлекет өмір сүруін тоқтатты.

Хандықтың ыдырауы мен тарихтағы орны. XVI ғасырдың басында Есен Бұға өлгеннен кейін хандық билікті қолына алған Жүніс ханның тұсында ішкі талас Моғолстан мемлекетінің әлсіреуіне, оның біржола ыдырауына алып келді. Моғолстан мемлекетінің дағдарысына Мұхаммед Шайбани бастаған өзбек тайпаларының жаугершілік күресі де әсер етті. Жүніс ханның үлкен ұлы Сұлтанмахмұт хан (қазақ шежіресінде Жәніке хан) және оның інісі Сұлтанмахмет (шежіреде Алаша хан) тұсында моғол билеушілері Шайбани ханға жәрдем жасады. Соның арқасында өзбек ханы Бұхара мен Самарқанды бағындырды. Тым күшейіп кеткен Мұхаммед Шайбаниді тоқтатуға моғолдардың күші жетпей қояды. Ақыры 1504 жылы Жәніке (Сұлтанмахмұт) хан Шайбанидің бұйрығымен өлтірілді.

Осы оқиғадан кейін де Моғолстан өмір сүруін жалғастыра берді. Бірақ оның бұрынғы күш- қуаты жоқ еді. Хандықтың құрамында өмір сүрген үйсін, жалайыр, қаңлы, т.б. тайпалар Жетісуда құрылған Қазақ хандығының құрамына келіп қосылды.

3. Көшпелі өзбек мемлекеті /1428-1468 ж.ж./. XV ғ 20 ж Ақ Орданың ыдырауы мен Жошы әулетінің өзара қырқысы салдарынан солардың ішіндегі ең қажырлысы Шайбан ұрпағы Әбілқайырдың хандығы дараланып шығады. Жошы ұрпағының өзара күрес тартысы – олардың ішіндегі көрнектілері Жұмадықхан, Махмұт Қожахан, Мұстафахан –

Ақ Орданың ханы Барактың қазасы және Шайбанилік дәулет Шаих оғланың ұлы, Әбілқайырдың 1428 ж хан тағына отыруымен аяқталады.

«Әбілқайыр ханның тарихы» атты шығармада О. Кухистанидің айтуынша Әбілқайыр 1412 ж туылған. Ол ертеде жетім қалып, Ишбанның басқа ұрпағы – Жұмадық ханның қоластында болуға және далада жоғары билікке таласқан оның күресіне қатысуға тура келді.

1428 ж Тура облысында 17 жастағы Әбілқайырды хан сайлайды. Жер аумағы: Оңтүстікте Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал теңізінен бастап, солтүстікте Тобыл және Ертіс өзендерінің орта ағысына дейінгі, батыста Жайық өзенінен бастап, шығыста Балқаш көліне дейінгі жерлерді, яғни Сырдарияның төменгі ағысындағы аймақты, Орталық Қазақстан мен Оңтүстік Сібірді алып жатты. Халқының құрамы Ақ Орданың құрамына кірген түркі және түркіленген түркі – монғол тайпаларынан құралды. Бұл тайпалар тілі, шаруашылығы, мәдениеті мен тұрмысы жақынан туыстас тайпалар еді. Бұлар «өзбек» деген жалпы атпен бірге аталған. Бірақ тайпалар саны жағынан басымы қыпшақтар болған. Әбілқайыр хан мемлекетінің ішкі саяси жағдайы тұрақты берік бола қоймады. ұлыс ішінде жоғары өкімет билігіне таласқан Жошы ұрпақтарымен талассыз және қатал күрес жүргізді. 1430 ж Әбілқайыр Тобыл өзенінің бойында Шайбан әулетінен шыққан Махмұд Қожаны талқандады. Мұның артынша бірнеше рет Хорезмге қарсы жорық жасады. 30 – ж басында ол Махмұд хан мен Ахмед ханға қарсы жорыққа аттанып, жеңіп шықты. Бұл жеңісі үшін өз атынан ақша шығарды.

1446 ж. Әбілқайыр Мұстафа ханды тізе бүктіреді. 1446 ж Әбілқайыр Темір ұрпақтары мен Ақ Орда хандарынан Сығанақ, Созақ, Аққорған, Өзгент қалаларын басып алды. Сығанақ хандықтың орталығына айналады (оған дейін Тара мен Орда – Бауарда болатын). 1457 жылы Әбілқайыр хан Сығанақ маңында ӨзТемір тайшы бастаған ойраттармен соғысып, жаңіліп қалды. Осы жеңілістен соң көшпелі халықтың бір бөлігі Жәнібек пен Керей сұлтандардың басшылығымен Әбілқайырдан бөлініп, Моғолстанның батыс бөлігіне Есен-Бұға бөліп берген жерлерге көшіп қоныстанады.

Дәулет Шайх оғлан ұлы Әбілқайыр таққа 1428 жылы Батыс Сібір жерінде отырды. Ол елді 40 жыл биледі. Хандықтың жер аумағы шығысында Оралдан Балқашқа дейін, оңтүстігінде Сырдарияның төменгі ағысынан Арал теңізіне дейін, ал солтүстікте Тобыл мен Ертістің орта ағысына дейін созылып жатты.

Әбілқайыр хандығы орталықтанған мемлекет бола алған жоқ, ол бірнеше этносаяси және этноаумақтық иеліктерге бөлінді. Әбілқайыр билігі қарсаңында тайпааралық алауыздықтар мен талас-тартыстардың қызып тұрған кезі еді. 30- жылдары ол Тобылда шайбанилық Махмұд қожа ханды, Сарыарқа даласында Жошы ұрпағы Махмұд хан мен Ахмед ханды талқандап, Орда Базарды жаулап алады. 1446 жылы Әбілқайыр Атбасар өзенінің жағасында Мұстафа ханды талқандайды. Оған қарсылық көрсеткендер Жошы ұрпағы Ибақ хан мен Буреке-сұлтан және Орыс ханның шөберелері Керей мен Жәнібек қашуға мәжбүр болады.

Әбілқайыр жаулап алушылық жорықтарын Орта Азияда, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында да жүргізген. 1430 жылы ол аз уақытта Хорезмді жаулап алып, Үргенішті бағындырады. 1446 жылы Әбілқайыр хан Темір ұрпақтарынан Сырдария бойындағы және Қаратау беткейлеріндегі Сығанақ, Созақ, Аққорған, Үзгент, Аркөк сияқты қалаларды тартып алады. Бұл қалалар оның ең жақын әміршілеріне немесе көбнесе маңғыт руынан шыққандарға берілді. Сығанақ хандықтың астанасына айналды. 50 жылдары Әбілқайыр хан Самарқан мен Бұхараға жаулап алушылық жорықтарын жүргізді. 1457жылы Әбілқайыр Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстанға басып кіре бастаған ойраттардан Сығанақ түбінде ойсырай жеңіледі. 50 жылдар мен 60 жылдардың басында Жәнібек пен Керей сұлтандар Моғолстанның батысына көшіп кеткендіктен, Әбілқайыр хан 1468 жылы оларға қарсы жорық ұйымдастырып, бірақ жолда мерт болады. Әбілқайыр өлгеннен кейін Ұлы Далада Шайбан (Шибан) тұқымының билігі құлады. Далалық өлкедегі Ақкөл- Жайылма сияқты хан ордалары құлазып бос қалды.

XIV-XV ғасырларда Әбілқайыр хандығына қараған тайпалар ортақ «*өзбек*» деген атпен әйгілі болды. Олар: қыпшақтар, наймандар, маңғыттар, қарлұқтар, қоңыраттар, қаңлылар, үйсіндер, ұйғырлар, құрлауыттар, дүрмендер, көнегестер, қияттар (барлығы 92 тайпа). Бұлар негізінен шығу тегі жағынан көбінесе қыпшақ (92 баулы қыпшақ) және де өзге де түркі тайпалары қаңлы, үйсін, қарлұқ сияқты Дешті Қыпшақтың және Оңтүстік Шығыс Қазақстанның ертеортағасырлық тұрғындарының ұрпақтары, сондай ақ баяғыда – ақ түркіленіп кеткен монғолдар еді. Жоғарыда аталған тайпалар мен тайпалық бірлестіктер экономикалық даму деңгейі, қоғамдық қатынастары, мәдениеті жағынан өзара жақын болатын.

1468 жылы Әбілқайыр Моғолстанға жорыққа аттанып бара жатып жолда кенеттен қайтыс болды.

Алтын Орданың ыдырау барысында пайда болған ірі мемлекеттік бірлестіктердің бірі Ноғай Ордасы еді. XIV-XV ғасырларда оған Батыс Қазақстанның аумағы кірген. XIV ғ. аяғынан бастап Жайық пен Еділ арасындағы бұл тайпалардың бірлестігі оның ең ірі бір тайпасының атымен «Маңғыт жұрты» деп аталды. Ноғай Ордасы іс жүзінде 15 жылдай (1396-1411) өз қолында ұстаған Едіге тұсында Алтын Ордадан оқшаулана бастады. Бұл процесс оның баласы Нұр-ад-диннің (1426-1440) кезінде аяқталды. Едіге Тоқтамыс пен соғысты, феодалдық аласапырандар мен қырқыстар кезеңінде Алтын Ордаға хандарды өзі қойып, Ноғай ұлысын күшейту үшін көп іс тындырды. Кейініректе Маңғыттардың көсемдері шығыстағы көршілеріне бағдар алып; Әбілқайыр ханның, содан соң қазақ хандарының одақтастары болды. XV ғасырдың ортасына қарай Ноғай Ордасы тәуелсіз мемлекетке айналды.

Әмір Темірдің Дешті Қыпшаққа жасаған жорықтарынан кейін Ұлы дала біржолата дағдарыс кезеңіне аяқ басты. Дағдарыс Еділ бойындағы қалалы өлкені де, Шығыс Дешті Қыпшақтағы көшпелі тайпаларды да қамтыды. Жүздеген жылдар бойы қыр өңірі жауынгер тайпаларының басын қосып «Ұлық ұлыс» атанып келген көшпелілердің соңғы империясы келмеске кетті.

Заманында Тоқтамыспен жауласып, Алтын Орданың құлауына себепкер болған көсемдердің бірі Едіге би мемлекетті қайта қалпына келтіруге тырысқанымен еш нәтиже шыққан жоқ. Едіге ең алдымен Шығыс Дешті Қыпшақты билеген көшпелі рулардың басшысы еді. Ортағасырлық атақты тарихшы Ибн-Арабшах Едігені «сол қанаттың басты әмірлерінің бірі» дейді. Ал сол қанат бұл ең алдымен Орда Ежен мен оған еншілес Тоқай Темір сияқты Жошы тұқымдарының иелігі. Тарихи деректерге қарағанда Ақ Орда осы сол қанат ұғымына кіретін тайпалардың құрған мемлекеті. Шығыс әулетінің билігі әлсіреген уақытта Едіге империяның тұтастығын ұстап тұратын жаңа күштерді іздестірді. Осылайша Шайбан тұқымы көтеріле бастады. Осы дағдарысты заманның бір нәтижесі Еділ мен Жайық өлкелерінде құрылған және Қазан, Астрахан, Сарайшық, т.б. қалалық орталықтарға сүйенген Ноғай Ордасы болды. Алтын Орда заманындағы көшпелілердің негізгі этникалық құрылымы «ноғайлы» мен «Ноғай Ордасын» шатастыруға болмайды. Оның біріншісі Бату мен Берке хандар тұсында Алтын Орда әскерін бастаған Ноғайдың есімімен белгілі (Ноғай қарамағындағы жауынгер тайпалар), екінші бұлғақ кезеңінде Едіге бидің жанынан табылған ел. Едіге маңындағы елдердің ішінде саны көбі маңғыт тайпасы болғандықтан, Ноғай Ордасын кейбір деректерде Маңғыт Ордасы деп атайды.

Едігенің ұлы Нұрадиннің (1226-1441 жж.) кезінде Ноғай Ордасы Алтын Орданың құрамынан біржолата бөлініп шығады.

Ноғай Ордасының жер көлемі осы кездері біршама ұлғайды. Ең алдымен ноғайлар өз жерлерін Жайықтың солтүстік жағалауына дейін жеткізді. Олар солтүстік шығыс Сібірден Сырдария мен Арал маңы, Каспийдің солтүстік өңіріне дейінгі жерлерде еркін көшіп қонып жүрді. XV ғасырдың ортасына қарай Ноғай ордасы Сырдария бойындағы кейбір қалаларды да жаулап алды. Маңғыт Уақас би XV ғасырдың ортасында Үзгент қаласының билеушісі болған. Ноғай Ордасында Жаңбыршы, Мұса мырза сияқты белгілі адамдар

елдің саяси өміріне өз ықпалын тигізген. Ноғай Ордасының орталығы Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласы болды.

XV-XVI ғасырлардың басында Солтүстік Қаратеңіз бойына қарай жылжыған ноғай тайпалары Бессарабия жеріне жетті. Ол көшті бастаған Едіге ұрпағы Орақ пен Ормамбет билердің ұлдары еді.

XVI ғасырдың ортасында Кавказ даласында Кіші Ноғай ордасы деген шағын мемлекет дүниеге келді. Оны құрған Орақ мырзаның баласы Казы (Кази) батыр. Ноғайлардың бұл тобы кейіннен «қара ноғай» атанып кетті.

Ноғай тайпаларының батысқа қарай жылжуына Қазақ хандығы да әсер етті. Жаңа құрылып жатқан жас мемлекетке ұлан байтақ аумақ, жер қайысқан әскер керек болды. Осылайша қазақ елімен шекаралас ноғай ауылдары қазақ құрамына кірді де, ол одаққа көнбегендері батысқа қарай жылжыды.

1550 жылдары Едіге бидің ұрпағының өз ішінде жанжал шықты. Оның ең бір ауыр көрінісі ағайынды Смайыл мен Сары Жүсіп мырзалардың арасындағы күрес. Сары Жүсіптің елі қазақтармен, Сырдарияның төменгі ағысындағы Хорезм иеліктерімен, Бұхарамен, ал Смайылдың ұлысы Мәскеумен тығыз қарым-қатынас орнатты.

Смайыл Жүсіпке жазған бір хатында «сендер менің Ресеймен дос болғанымна ренжисіңдер, сендерге айтуға жеңіл, саудаларың Бұхарамен жүріп тұр, ал менің адамдарымның өлсе оны орайтын кебіні де жоқ. Егер Мәскеу болмаса оларды жалаңаш көеміз» деген. Ақыры осы қайшылық Ноғай Ордасының түбіне жетті. Бір әкеден туған екі ағайынды мырзаның өзара соғысынан кейін ноғайлар жеке ел болудан қалды. 1555 жылы өлген Сары Жүсіптің соңынан ерген ел Қазақ хандығына келіп қосылды.

Ноғай Ордасында бүкіл саяси билік ханның қолында болды. Ұлыстарды шексіз билікті иемденген мырзалар басқарды. Әскери және елшілік істерді княздар атқарды. XVI ғасырдың екінші жартысында Қазан және Астрахан хандықтары Ресейге қосылғаннан кейін Ноғай Ордасы бірнеше дербес иеліктерге ыдырып кетті, оның ыдырау процесінде халықтың бір бөлігі Кіші жүз құрамына енді.

Сібір хандығы. XV ғасырдың бас кезінде Алтын Орданың ыдырауы барысында Сібір хандығы құрылды. Оның орталығы алғаш Шыңғы-Тура (Тюмень), кейінен астанасы – Искер қаласы (Ертіс бойында) болды. Сібір хандығы үстем тап болып есептелетін бектер мен мырзалар басқарған ұсақ ұлыстардан тұрды. Негізгі еңбекші халық ұлыстардың «қара сирақ» кедейлері еді. Сібір хандығын хан басқарды, оған кеңесшілері мен карачалары (уәзірлері), сондай-ақ ханның өзі ұлыстарға жұмсайтын жасауылдар көмектесті. Сібір хандығы батыста Тура өзенінен, шығыста Барабаға дейінгі Батыс Сібірдің орман аралас кең байтақ даласын алып жатты. 1503 жылы Ибақтың немересі Көшім өзбек және ноғай хандарының көмегімен Сібір хандығының өкімет билігіне ие болды. Көшім тұсында Сібір хандығы жеке-жеке ұлыстардан тұрды, ол саяси жағынан бірлігі толық бекіген мемлекет еді. Сібір хандығын көп халықтар, негізінен түркі тайпалары (қыпшақ, арғын, қарлұқ, найман, жалайыр, т.б.), сондай-ақ ханты, мансы, башқұрттар мекендейтін.

Көшім (шамамен 1510-1598) – Сібір хандығының соңғы ханы. Көшімнің Сібірдің хан тағына көтерілуі тарихта былай түсіндіріледі. Қайратты жа жігерлі, әскери істі жетік меңгерген Көшім 1555 жылы Сібір жұртында билікті қолына ұстап тұрған Тайбұға әулетіне қарсы қазақтар мен ноғайлылардың жасақтарын ұйымдастырып, ұзаққа созылған ұрыстардың нәтижесінде 1563 жылы Сібір хандығының тағына отыру мүмкіндігіне ие болады. Деректер Көшімнің Сібірге қазақ даласынан келгенін дәлелдейді. Біздің Ақкөл-Жайылмада жүргізген зерттеулеріміз шайбан тұқымының осы жерден келіп, Сібір билігі үшін күрескенін көрсетеді.

Сібір хандығына билікке келген Көшімнің басты мақсаттарының бірі Сібірді мәдениеті дамыған, қуатты мемлекетке айналдыру болған деседі, ол бұл мақсатын жүзеге асыруда ислам дініне арқа сүйеп, хандықты бір орталыққа бағындыруда ойлады. Батыс Сібірге ислам дінін таратуда Ортаазиялық билеушілер мен саудагерлер Көшімге барынша қолдау

көрсетті. Олар өз заманында табиғи байлықтарымен танымал Сібір жерімен сауда байланыстыратын дамытуға мүдделі болды. Ортаазиялық көпестер мен молдалар ислам дінін жергілікті халықты арасында уағыздай білді. Көшімнің билігінде Ібір-Сібір жерінің мәдениеті мен экономикасы дамыды, Мәскеу, Бұхара, Шығыс Түркістан және Ноғай, Қалмақ иеліктері оны мойындап санасып отыратын болды. Көшім хандығы тарихта Сібір жұрты, Көшім Сібірі, Ертіс патшалығы, Сібір хандығы деген атпен де белгілі.

Көшім тұсында Сібір хандығының аумағына келетін болсақ, бұл аталмыш мемлекеттің жер аумағына Батыс Сібір, Оңтүстік Орал өңірі және Ертіс, Есіл, Тобыл өзенінің сағаларын алып жатқан Солтүстік Қазақстан да енді. Астанасы қазіргі Тобыл қаласының маңында орналасқан Искер қаласы болды.

Көшім тұсында Сібір хандығының экономикалық және мәдени дамуы. Біз жоғарыда айтып өткен хандықтың астанасы Искер қаласын тұрғызуда Көшімнің сіңірген еңбегі зор болды. Қала заманында ірі мәдени орталықтардың біріне айналды. Көшім Сібір жерінде қала құрылысының дамуына барынша назар аударып, озық құрылыс жобаларын пайдалануға тырысты. Бұл қалалардың өзіндік жоғарғы технологиямен салынғанын қазіргі күнгі жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары дәлелдейді. «Сібір тарихын» жазған Г.Миллер Ібір-Сібір өлкесінде ондаған отырықшы мекендердің, қалашықтардың болғанын сипаттайды.

Сібір жері қашанда өзінің табиғи байлығымен әлемді тәнті етті. Сібір жерін мекендейтін құндыз, бұлғын, тиін, аю, түлкі сияқты аңдардың терілері әлемде қымбат тастардан кем бағаланбайтын еді. Әсіресе лашын, қыран, қаршыға сияқты саятшылық құстарға Бұхара, Хиуа, Қырым, Грузия, т.б. елдердің саудагерлерінен көп сұраныс түсетін. Бұл бағалы жануарлар мен құстар Ібір-Сібір жерін әлемге танымал етті десе де болады.

Сібірліктердің саудадағы басты серіктестіктері Орта Азия саудагерлері еді. Олар өз жерінде өндірілетін жібек мата, жүн, елтірі, кептірілген жеміс-жидектермен өзара айырбассаудасын жасады. Ресейден Сібірге негізінен қару-жарақ, ағаш, темірден жасалған бұйымдар, киім-кешек, т.б. заттар әкелінді. Алайда сібірліктердің асқан байлығын орыс саудагерлері қашанда арзан бағалауға тырысты. Бір отты қару үшін жергілікті тұрғындар қаншама құнды аң терілерін беретін болды. Мысалы, бір отты қаруды тігінен қойып сол мылтықтың бойына жеткенге дейін аң терілерін қалап, қарудың құнын өлшейтін болған. Орыс саудагерлері тек сауда ісімен ғана айналысып қойған жоқ, арнайы тапсырмамен жергілікті жерде барлау жұмыстарын да жүргізіп отырған.

Саяси құрылысы мен тарихы. Сібір хандығындағы ең жоғарғы билеуші хан саналды. Хандық билік атадан балаға мұрагерлікпен берілді, алайда ханды сайлауға шонжар ақсүйектер мен сұлтандар, билер қатысып отырды. Хан өзінің қасындағы «*диуан*» деп аталған Хан кеңесіне арқа сүйеді, ал хандықтағы ең жоғарғы орган болып есептелінді, мұнда аса маңызды деген мемлекеттік мәселелер шешілді. Басқару аппаратының басында ханның аға- інілері, туған-туысқандары, мұрагерлері шоғырланды. Ханның кеңесшілерін – «аталықтар» деп атаса, одан кейінгі төменгі сатыда ханның үзірлері тұрды. Биліктің келесі сатысында орын алған *даруғалар* мен *жасауылдар* Хан кеңесінің шешімдерін, үкімдерін орындаушылар болды. Әкімшілік қызметтің «*қазылар*» мен «*жаршылары*» хан үкімін таратумен айналысты. Ал жекелеген руларды басқарушыларды *билер* деп атады.

Оқытудың техникалық құралдар слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық
Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі

Күрделі деңгей:

Алтын Орданың империялық кезеңіндегі Дешті Қыпшақтың мәдени даму деңгейі туралы жаңа археологиялық ашылымдар туралы сипаттап жазыңыз.

Орта деңгей:

Алтын Орданың әлсіреуіне және ыдырауына әкелген сыртқы және ішкі факторларды көрсетіңіз .

Жеңіл деңгей:

Египеттегі Мамлюк сұлтанатымен дипломатиялық байланыстар орнату туралы баяндаңыз
БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері

1. Монғолдардың Орта Азия мен Қазақстанды басып алуы туралы ортағасырлық деректер мен зерттеулер.

2. Алтын Орда дәуірінің мәдени-өркеніеттік мұрасы

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.

2. Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.

3. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.

4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.

5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап XIII ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016

6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. XIII-XVIII ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016

7. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.

8. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016

9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.

10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.

11. Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.

12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.

13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.

14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.

2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.

3. Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.

4. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев, Қ. Қаражан және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.

5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., Жылгелдинов М.Т. Астана, 2017
9. Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған ; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
10. Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.
11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст] : оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 140 б
13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы : Қазақ университеті, 2018. -446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

WEB сайттар тізімі

1. e-history.kz
2. tarikh.kz